

«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің
сырттай отырысының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 181 хаттама шешіміне
10-қосымша

2021 жылғы 08 сәуірдегі № 183
хаттама, 2021 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 187 хаттама, 2022 жылғы
26 тамыздағы № 202 хаттама,
2023 жылғы 20 маусымдағы № 219
хаттама, 2023 жылғы
19 желтоқсандағы № 228 хаттама,
2024 жылғы 26 сәуірдегі № 234
хаттама, 2024 жылғы 24 маусымдағы
№236 хаттама, 2025 жылғы 2
қазандағы №261 хаттама, 2025 жылғы
23 желтоқсандағы (2025 жылғы 26
желтоқсаннан бастап қолданысқа
енгізілді) хаттамамен енгізілген
өзгерістер мен толықтырулар

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік
қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу
үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығымен «Самұрық-
Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың
активтерін бәсекелес ортаға беру қағидалары**

Нұсқа: 3.9

Иесі: Активтерді жекешелендіру, қайта құрылымдау департаменті

Өзірлеуші: А. Мухашев, С. Қалдыбекова

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер	4
1-тарау. Терминдер мен анықтамалар	4
2-тарау. Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі жалпы ережелер.....	10
3-тарау. Қорға тікелей тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі.....	15
4-тарау. Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі.....	18
4-1-тарау. Бірыңғай оператордың өкілеттіктері мен функциялары.....	24
5-тарау. Тәуелсіз консультанттың өкілеттіктері мен функциялары	25
2-бөлім. Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілдері.....	27
1-тарау. Жалпы ережелер	27
2-тарау. Екі кезеңді ашық конкурс	35
3-тарау. Электрондық конкурс.....	41
4-тарау. Тікелей атаулы сату	42
5-тарау. Активті қор биржасында өткізу	43
6-тарау. Аукцион	45
3-бөлім. Қорытынды рәсімдер.....	46
1-тарау. Шарт жасасу рәсімі.....	46
2-тарау. Өзге рәсімдер	48
3-тарау. Ереже нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік.....	49
№ 1 қосымша.....	50
№ 2 қосымша.....	55
№ 3 қосымша.....	58

Осы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және екі кезеңді ашық конкурс, тікелей атаулы сату, электрондық конкурс, аукцион тәсілдерімен, қор биржасында, Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібін реттейді.

Қазақстан Республикасы қол қойылған халықаралық шарттар шеңберінде немесе оларды өткізу үшін Активтерді (Қағидалардың 1-бөлімі 1-тарауының 1-тармағында айқындалғандай) бәсекелес ортаға беру көрсетілген халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың талаптарынан өзгеше шарттарда Активтерді бәсекелес ортаға беру туралы шешімдерді «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі («Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей тиесілі активтерге қатысты) немесе Салалық компанияның Директорлар кеңесі/Байқау кеңесі (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) қабылдайды. Мұндай шешім:

1) Қазақстан Республикасының қол қойылған халықаралық шарттары шеңберінде немесе оларды іске асыру үшін бәсекелес ортаға берудегі;

2) акциялары (қатысу үлестері) бәсекелес ортаға берілетін заңды тұлғаның қызметіне инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі Сатып алушының (Қағидалардың 1-бөлімінің 19-тармағында айқындалғандай) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және шарт жасалған жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің

жетпіс бес миллион еселенген мөлшерінен кем емес сомаға міндеттемесін бекіту туралы (Қағидалардың 1-бөлімінің 1-тарауының 3-тармағында айқындалғандай) және инвестициялар тарту жөніндегі кеңестің оң шешімі болған кездегі (Қағидалардың 1-бөлімінің 1-тарауының 23-1-тармағында айқындалғандай) жағдайлардың кез келгенінде қабылдануы мүмкін.

Ескерту: осы Бөлімнің мақсаттары үшін:

1) акциялары (қатысу үлестері) лизинг шарты жасалған кезден бастап қаржылық және операциялық лизинг заттарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, бәсекелес ортаға берілетін заңды тұлғаның иелігіндегі мүліктің барлық түрлерін ұлғайтуды;

2) акциялары (қатысу үлестері) бәсекелес ортаға берілетін заңды тұлғаның жарғылық капиталына мүліктің барлық түрлеріне құқықтарды енгізуді;

3) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес акциялары (қатысу үлестері) бәсекелес ортаға берілетін заңды тұлғаның тіркелген активтерін ұлғайтуды инвестициялар деп түсіну керек.

Шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Активтерді (Қағидалардың 1-бөлімінің 1-тарауының 1-тармағында айқындалғандай) бәсекелес ортаға беруге қатысты осы Қағидалар қолданылатын шетелдік заңнаманың міндетті талаптарын ескере отырып қолданылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның стратегиялық емес активтерін (дивестицияларын) өткізудің, қайта ұйымдастырудың, таратудың мерзімдерін, тәсілдерін, сондай-ақ өзге де шарттарын «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы айқындайды.

Активтерді бәсекелес ортаға беру (Қағидалардың 1-бөлімінің 1-тармағында айқындалғандай) Компанияның/Салалық компанияның/Қордың меншігінде стратегиялық маңызы бар, оларға қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын

экономика салалары объектілерінің және жарғылық капиталға берілген және (немесе) ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекітілетін мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғаларының (Қағидаларға осы өзгерістер мен толықтырулар бекітілген кезде – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 және 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулылары) меншігіндегі стратегиялық объектілердің тізбелеріне енгізілген ұйымдар акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетін сақтау шартымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте осы преамбуланың сегізінші абзацында көзделген талаптар Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасына сәйкес «Эйр Астана» акционерлік қоғамына, сондай-ақ құрамында «Богатырь Көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар Forum Muider Limited компаниясына қолданылмайды, бұл ретте шетелдік заңды тұлғаға, заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымға, шетелдікке және (немесе) азаматтығы жоқ адамға дербес не басқа шетелдік заңды тұлғалармен, заңды тұлға болып табылмайтын шетелдік ұйымдармен, шетелдіктермен және (немесе) азаматтығы жоқ адамдармен жиынтықта Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған «Эйр Астана» акционерлік қоғамының акцияларын және (немесе) оның акциялары базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды «Эйр Астана» акционерлік қоғамының орналастырылған акцияларының жалпы санының қырық тоғыз және одан көп пайызынан асатын мөлшерде («Эйр Астана» акционерлік қоғамы өзі сатып алғандарды шегергенде) тікелей және (немесе) жанама иеленуге, пайдалануға және (немесе) билік етуге тыйым салудың сақталуы шарт (2025 жылғы 23 желтоқсандағы өзгерістер, 2025 жылғы 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді).

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

- 1) **Актив (Активтер)** – Қорға немесе Салалық компанияға/Компанияға меншік құқығымен тиесілі акциялар, осы Қағидаларға сәйкес бәсекелес ортаға берілуге жататын Активтердің тізбесіне (тізбелеріне) енгізілген акцияларға құқықтарды немесе заңды тұлғалардың қатысу үлестерін куәландыратын туынды бағалы қағаздар (2021 жылғы 08 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар);
- 2) **Аукцион** – Жүйені пайдалана отырып, электрондық форматта жүргізілетін және сатушы Аукцион затын оған барынша жоғары баға ұсынатын Аукционға қатысушыға сатуға міндеттенетін Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілі;
- 2-1) **Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия)** – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган, оның міндеттеріне, оның ішінде бәсекелес ортаға беруге жататын Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарын мемлекеттен шығару және жекешелендіру мәселелері бойынша ұсынымдық шешімдер әзірлеу кіреді (20-дан бастап өзгерістер мен толықтырулар 2023 жылғы маусым);
- 3) **Шарт** – осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға қайшы келмейтін өзге де құжаттарда қарастырылған рәсімдердің нәтижелері бойынша жасалатын Қор және (немесе) Салалық компания/Компания сататын Активті Сатып алушының пайдасына иеліктен шығару туралы азаматтық-құқықтық шарт;
- 3-1) **Бірыңғай оператор** – Қор Басқармасының шешімімен уәкілеттік берілген Қордың және Салалық компаниялардың осы Қағидаларда

көзделген тәртіппен Активтерді бәсекелес ортаға беруге байланысты қызметіне мониторинг пен талдауды жүзеге асыратын ұйым (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

4) Сауда-саттық туралы хабарлама – осы Қағидаларда көзделген мәліметтерді қамтитын, қандай да бір тәсілді пайдалана отырып жіберілген немесе жарияланған Сауда-саттықты өткізу туралы ресми хабарлама;

5) Салалық компанияның комиссиясы – құрамы тиісті Салалық компанияның бірінші басшысының шешімімен бекітілетін, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Салалық компанияның/Компанияның Активтерін бәсекелес ортаға беруге қатысты шешімдер қабылдайтын, сондай-ақ осы процесті үйлестіретін және бақылайтын алқалы орган;

6) Компания – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығымен Салалық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі, меншік құқығымен Активті иеленетін, осындай Активті бәсекелес ортаға беру туралы шешім қабылдауға құқылы заңды тұлға (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

7) Конкурстық өтінім – Сауда-саттық туралы хабарламаға, Актив бойынша құжаттама пакетіне және Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) ұсынған өзге де мәліметтерге сәйкес жасалған, Қатысушыны Сауда-саттыққа жіберу туралы шешім қабылдау үшін Активті сатып алу шарттарының кешенді сипаттамасын қамтитын, Сауда-саттықты өткізу шеңберінде Қатысушы ұсынатын құжаттар пакеті;

8) Конкурстық ұсыныс – Сауда-саттық туралы хабарламаға, Актив бойынша құжаттама пакетіне және Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей

тиесілі Активтерге қатысты) ұсынған өзге де мәліметтерге сәйкес жасалған, Активті сатып алу бағасы туралы шартты қамтитын, сатып алу талаптарының сипаттамасын қамтитын, Сауда-саттықты өткізу шеңберінде Қатысушы жіберетін ұсыныс;

9) Активтерді шоғырландырылған өткізу – Салалық компанияның немесе шоғырландырылған қаржылық есептілігіне (теңгеріміне) акциялары (қатысу үлестері) Салалық компанияға немесе меншік құқығымен Компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың Активтері кіретін Компанияның бірнеше Активтерін пакеттік сату;

10) Мүдделер қақтығысы – Салалық компания жұмыскерінің(-лерінің) және (немесе) Қордың жеке мүдделері және (немесе) Тәуелсіз консультанттың мүдделері Салалық компанияның, Қордың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес келмейтін және (немесе) басым болатын жағдай;

11) Ең төменгі баға – осы Қағидаларға сәйкес бекітілетін Активтің ең төменгі бағасы ретінде белгіленген Активтің бағасы;

12) Бастапқы баға – осы Қағидаларға сәйкес бекітілетін Активтің бастапқы бағасы ретінде белгіленген Активтің бағасы;

13) Тәуелсіз консультант – Салалық компания және (немесе) Қор немесе сенімгерлік басқарушы өткізетін Активтің нарықтық құнын бағалауды жүргізу үшін және (немесе) Қорға және (немесе) Салалық компанияға Активтерді сату алдындағы дайындау, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жай-күйіне әсер ететін Активтерге және/немесе теңгерім құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылғы 1 қаңтарда қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен асатын Активтерге қатысты Активтерді бәсекелес ортаға беру және (немесе) Қордың немесе Салалық

компанияның тапсырмасы бойынша өзге де жұмысты ұйымдастыру және жүргізу тәсілі бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну бойынша консультациялық қызметтер көрсету үшін тартатын заңды тұлға, оның ішінде шетелдік заңды тұлға немесе заңды тұлғалар бірлестігі, бағалау және (немесе) инвестициялық қызметке және (немесе) қаржылық және (немесе) заңды және (немесе) өзге де консультация беруге қатысушылар (2021 жылғы 08 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар);

14) Қамтамасыз ету – Конкурстық өтінімде және Шартта көзделген, Сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес Сауда-саттыққа қатысуға үміткер тұлға қамтамасыз ететін міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету;

15) Жүйе операторы – Жүйенің техникалық жай-күйі мен жұмыс істеуіне жауап беретін және оған Активтерді өткізу бойынша Аукциондар мен Электрондық конкурстар жүргізу үшін қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұйым;

16) Екі кезеңді ашық конкурс – Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілі, онда Сауда-саттық жеңімпазы Конкурстық ұсыныстарды салыстыру және Конкурстық өтінімдерді салыстыру негізінде екі кезеңнің қорытындылары бойынша айқындалады;

17) Салалық компания – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қорға тікелей тиесілі заңды тұлға (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

18) Тізбе (Тізбелер) – бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуге ұсынатын және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қор бекітетін заңды тұлғалардың тізбелері (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

19) Сатып алушы (иеленуші) – Активті сатып алатын, коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған жеке тұлға немесе заңды тұлға не осындай заңды тұлғалардың бірлестігі (консорциум, одақ және т.б.);

20) Жобалау офісі – ережесін Қор Басқармасы бекітетін, Активтерді бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша Қордың уәкілетті органдарына ұсынымдарды қарау және әзірлеу үшін құрылатын алқалы консультативтік-кеңесу органы;

21) Тікелей атаулы сату – Активті Сауда-саттық өткізбей немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда, Салалық компанияның немесе Қордың шешімі бойынша Сауда-саттық өткізілгеннен кейін Актив Сатып алушының пайдасына иеліктен шығарылатын бәсекелес ортаға беру тәсілі;

22) Электрондық сауда-саттықтарды өткізу регламенті – Жүйе операторы бекіткен мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықтарды өткізу регламенті;

22-1) Стандарт – Қордың Басқармасы бекітетін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тобына кіретін ұйымдардың Стратегиялық емес активтерді (дивестицияларды) шығаруы жөніндегі корпоративтік стандарт (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

23) Жүйе – Қор Басқармасы анықтаған ақпараттық жүйе, мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы – Интернет желісінде мына: www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша орналасқан интернет-ресурс, ол осы Қағидаларға және Электрондық сауда-саттықты өткізу регламентіне сәйкес Аукционды және Электрондық конкурсты ұйымдастыру және өткізу процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді;

23-1) Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңес (инвестициялық штаб) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы орган, оның міндеттеріне, оның ішінде Үкімет басшылығы деңгейінде шешімдер қабылдауды талап ететін инвестициялық жобалар бойынша мәселелерді қарау кіреді (2024 жылғы 24 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар);

24) Сауда-саттық – Аукционды, Екі кезеңді ашық конкурсты, Электрондық конкурсты қоса алғанда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен шектеусіз тұлғалар тобының қатарынан Сатып алушыны айқындауды көздейтін, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы арқылы (қор биржасында) Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілдері. Сауда-саттыққа Тікелей атаулы сату кірмейді (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

25) Өткізу шарттары – Активті иеліктен шығару кезінде Сатып алушының сәйкестігі немесе Сатып алушының сақтауы міндетті болып табылатын Активті бәсекелес ортаға беру кезінде белгіленетін шарттар тізбесі;

26) Қатысушы – коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған, Сауда-саттыққа қатысу үшін оларды өткізу нысанына қарай белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе заңды тұлға не заңды тұлғалардың бірлестігі;

27) Басқарушы комитет – Салалық компанияның уәкілетті органдары мен Жобалау офисіне Қорға тікелей тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу үшін осы Қағидаларда көзделген жағдайларда, Салалық компанияның шешімі бойынша құрылатын алқалы консультативтік-кеңесу органы;

28) Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

29) Электрондық конкурс – Жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылатын, Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілі, бұл ретте Қатысушылар Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді және (немесе) Конкурстық өтінімді Жүйе арқылы электрондық нысанда жібереді.

2-тарау. Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі жалпы ережелер

1. Қор Басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес бекітуге ұсынылған бәсекелес ортаға беруге ұсынылған заңды тұлғалардың тізбелері негізінде мына Тізбелерді бекітеді:

1) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ірі еншілес, тәуелді ұйымдарының және басым тәртіппен бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын, олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесі (басым тәртіппен бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың ірі еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесіне сәйкес);

2) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес, тәуелді ұйымдарының және бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын, олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесі (бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын, акционерлік қоғамдардың еншілес, тәуелді ұйымдарының және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесіне сәйкес);

2-1) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес, тәуелді ұйымдарының және бәсекелес ортаға беруге және таратуға ұсынылатын, олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесі (бәсекелес ортаға беруге және таратуға ұсынылатын, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесіне сәйкес);

3) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес, тәуелді ұйымдарының және олармен үлестес болып табылатын, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жағдайына әсер ететін, осы Қағидалардың 1-тармағының 1), 2) және 2-1)

тармақшаларында көрсетілген Тізбелерге енгізілген заңды тұлғалар арасынан бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын, одан әрі мәлімет үшін (қажет болған кезде) Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесі.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес, тәуелді ұйымдарының және олармен үлестес болып табылатын, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жағдайына әсер ететін, бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын өзге де заңды тұлғалардың тізбесіне Активтері осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен бәсекелес ортаға беруге жататын, төмендегі тізбелерге кіретін заңды тұлғалар енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысына (осы Қағидалар бекітілген кезде – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысы) сәйкес Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесі;

1-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітілетін (осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар бекітілген сәтте – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысы) өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын стратегиялық маңызы бар экономика салалары объектілерінің тізбесі;

2) Өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітілетін Заңды тұлғаларды қала құраушыға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын және бекітілетін қала құраушы заңды тұлғалардың тізбесі (осы Қағидалар

бекітілген сәтте – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 03 наурыздағы № 185 бұйрығы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес, тәуелді ұйымдарының және онымен үлестес болып табылатын, оларды өткізу, қайта ұйымдастыру, тарату мерзімдерін, тәсілдерін, сондай-ақ өзге де шарттарын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Басқармасы айқындайтын өзге де заңды тұлғалардың, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалар тізбесіне енгізілген стратегиялық емес активтердің (дивестициялардың) тиісті тізбелерін қалыптастыру және бекіту Стандартта қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Қор Басқармасы Қорға тікелей тиесілі барлық Активтерге қатысты Активтерді бәсекелес ортаға берудің жалпы жоспар-кестесін бекітеді және Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға берудің жалпы жоспар-кестесін назарға алады (2025 жылғы 23 желтоқсандағы өзгерістер, 2025 жылғы 26 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді).

2. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иелік етуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер ететін Активтерді және/немесе теңгерім құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылғы 1 қаңтарда қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен асатын Активтерді бәсекелес ортаға беру (оның ішінде бәсекелес ортаға беру тәсілін айқындау) Тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, жүзеге асырылады (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар).

3. Қорға немесе Салалық компанияға/Компанияға тікелей

тиесілі, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иелік етуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер ететін иелік етуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер ететін әрбір Активті бәсекелес ортаға беру тәсілін айқындау жөніндегі шешімдерді Тәуелсіз консультанттың ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың, Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Жобалау офисімен және Салалық компанияның комиссиясымен (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) келісім бойынша Қордың Директорлар кеңесі (Қор Басқармасының және Салалық компанияның атқарушы органының (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтер бойынша) алдын ала келісе отырып) қабылдайды. Мұндай Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілі белгіленген тәртіппен Мемлекеттік комиссиямен келісіледі (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

Әлеуметтік-экономикалық маңызы жоқ, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер етпейтін әрбір Активті бәсекелес ортаға беру тәсілін айқындау жөніндегі шешімдерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың, Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Салалық компания комиссиясының ұсынымы негізінде Салалық компанияның атқарушы органымен алдын ала келісіле отырып, Жобалау офисінің ұсынымы негізінде Қор Басқармасымен немесе Салалық компанияның Директорлар кеңесімен/Қадағалау кеңесімен (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) алдын ала келісіле отырып, Қордың Директорлар кеңесі (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) қабылдайды. Мұндай Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті

мемлекеттік органымен келісіледі (2021 жылғы 08 сәуірдегі және 2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

4. Активтері ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы (қор биржасы) арқылы бәсекелес ортаға берілуге жататын Салалық компания мынадай жағдайларда Басқарушы комитет құруға құқылы:

1) Салалық компаниядағы Активтер бірде-бір қор биржасының ресми тізіміне енгізілмеген;

2) Салалық компаниядағы Активтерді бәсекелестік ортаға ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы (қор биржасы) арқылы беру болжанып отыр, оның ресми тізіміне Салалық компаниядағы Активтер енгізілмеген;

3) Активтерді Салалық компанияға бастапқы орналастыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Басқарушы комитеттің құрамына өзге мүшелерден басқа, Активтерді (Салалық компанияның акцияларын) бәсекелес ортаға беру мәселелеріне жетекшілік ететін Салалық компанияның атқарушы органы бірінші басшысының орынбасары, сондай-ақ бір мезгілде Жобалау офисінің мүшелері болып табылатын Қордың өкілдері кіруі тиіс.

Басқарушы комитет Жобалау офисінің келісімі бойынша шешімдер қабылдау Жобалау офисінің құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, Салалық компанияны тиісті қор биржасында листингке дайындауға байланысты барлық мәселелер бойынша қажетті шешімдер қабылдауға, стратегиялық мәселелерді Жобалау офисінің келісуіне жіберуге, Салалық компанияның уәкілетті органдарына ұсынымдар беруге құқылы.

5. Қор Басқармасының, Қордың Директорлар кеңесінің шешімдері, Жобалау офисінің ұсынымдары, Салалық компанияның/Компанияның уәкілетті органдарының шешімдері

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына келісуге жіберілуі мүмкін.

3-тарау. Қорға тікелей тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі

6. Қорға тікелей тиесілі әрбір Активті өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, тиісті қор биржасының қағидаларына (қажет болған кезде) және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

Бастапқы/Ең төменгі баға, әрбір Актив, Өткізу шарттары, Қорға тікелей тиесілі Активтерді Сатып алушыға қойылатын талаптар (бар болса) бойынша жол картасын бекіту жөніндегі шешімдерді Қор Басқармасы қабылдайды.

Жобалау офисі Қор Басқармасына мерзім, Бастапқы баға/Ең төменгі баға және Активтерді өткізудің өзге шарттары бойынша ұсыныстар береді.

7. Қорға тікелей тиесілі Активті ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы (оның ішінде шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасы) арқылы бәсекелес ортаға берген жағдайда, Жобалау офисі тиісті қор биржасының қағидаларына сәйкес оның ресми тізіміне Қорға меншік құқығымен тікелей тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды және (немесе) акцияларды енгізу үшін талап етілетін қажетті іс-шараларды ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте, Активтері тікелей Қорға тиесілі тиісті заңды тұлға барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты беруге, сондай-ақ Жобалау офисінің сұрауы бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар).

Жобалау офисі Қордың Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға

жауапты Қордың Басқарушы комитеті және (немесе) бөлімшесі дайындаған Қорға тікелей тиесілі Активтерді өткізудің жол картасын келіседі және Қорға тікелей тиесілі Активтердің бәсекелес ортаға беруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа мониторинг жүргізеді.

8. Қордың Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты Қордың бөлімшесі:

1) қажетті материалдарды жинауды, дайындауды және қарауға шығаруды, Жобалау офисінің қарауына мәселелерді шығаруды және ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;

2) Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын және орындалу мониторингін қамтамасыз етеді;

3) сұрау салу бойынша Қор Басқармасын Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы туралы хабардар етеді;

4) Сатып алушының талабы бойынша иеліктен шығарылатын Активтер туралы қажетті ақпаратты дайындап, ұсынады;

5) заңнамада белгіленген жағдайларда, рұқсаттар мен келісулерді, сондай-ақ Сауда-саттық нәтижесінде алынатын мәліметтерді қоспағанда, Активті өткізу үшін қажетті, оның ішінде өткізілетін Активтің стратегиялық мәртебесіне байланысты мемлекеттік органдардың рұқсаттарын және келісімдерін алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес осы Қағидаларда қарастырылған шарттарды сақтай отырып, консультациялар мен сараптамалар жүргізу үшін тиісті бейіндегі Тәуелсіз консультанттарды, мамандар мен сарапшыларды тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

7) осы Қағидаларға сәйкес Активтерді өткізу үшін қажетті өзге де іс-шараларды жүргізеді.

9. Қорға тікелей тиесілі Активтерді беру бойынша тәуелсіз консультанттарды тарту жөніндегі шешімдер «Самұрық-Қазына» ұлттық

әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – «Сатып алу тәртібі») сәйкес қабылданады (2022 жылғы 26 тамыздағы өзгерістер).

10. Қор сенімгерлік басқару шартында Сенімгерлік басқарушының Қорға тікелей тиесілі Активті иеліктен шығару құқығын айқындауға құқығы бар. Бұл ретте сенімгерлік басқару шартында сенімгерлік басқарушының басшылыққа алу міндеті болуға тиіс:

Активті иеліктен шығару кезінде Қорға қатысты осы Қағидаларда көзделген құқықтар мен міндеттермен;

сенімгерлік басқарушының Активті өткізу жөніндегі қызметінің сапасын бақылау туралы шарттармен;

Сатып алу тәртібінің талаптары.

Активтің нарықтық құнын бағалауды жүргізу және (немесе) Қорға тікелей тиесілі Активтер бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін Тәуелсіз консультанттарды тарту жөніндегі шешімді сенімгерлік басқарушы сатып алу мәселелері жөніндегі Қордың ішкі құжаттарымен және заңнаманың қолданылатын талаптарымен үйлестірілген оның ішкі құжаттарына сәйкес қабылдайды (2022 жылғы 26 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулар).

4-тарау. Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі

11. Бәсекелес ортаға беруге жататын Активтерді иеленетін Салалық компания/Компания (осыған уәкілетті органдар атынан) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Салалық компанияның/Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Активті бәсекелес ортаға беру туралы шешім қабылдайды (2021 жылғы 08

сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар).

12. Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі, бәсекелес ортаға беруге жататын Активтерді иеліктен шығару мәселелері Мемлекеттік комиссияның келісуіне және (немесе) мақұлдауына жіберілуі мүмкін (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активті иеліктен шығару мәселесі Мемлекеттік комиссияның келісуіне және (немесе) мақұлдауына жіберілген жағдайда, Салалық компания/Компания Қордың Жобалау офисіне құжаттар топтамасын алдын ала жібереді, оған мыналар кіреді (қажет болған жағдайда) (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар):

- 1) Тәуелсіз консультанттың ұсынымдары (бар болса);
- 2) Активті бағалау;
- 3) Актив бойынша Салалық компания Комиссиясы шешімінің хаттамасынан үзінді көшірме;
- 4) Салалық компанияның/Компанияның Активті иеліктен шығару жөніндегі шешімі;
- 5) өзге де құжаттар (сұрау салу бойынша).

13. Тәуелсіз консультанттың ұсынымы (бар болса) негізінде Салалық компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Активтерді Шоғырландырып өткізу туралы шешім қабылдай алады. Активтерді Шоғырландырып өткізу осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

14. Активті өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты Салалық компанияның бөлімшесі:

- 1) Активтерді өткізу жұмысын ұйымдастырады;

2) Активтерді өткізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды;

3) белгіленген тәртіппен бағалау қызметтерін берушіні тартуды қамтамасыз етеді. Бұл ретте, егер Активті бағалау туралы есепті жасау күні мен бағалау объектісімен мәміленің аяқталу (Шартқа қол қою) күні немесе Сатып алушының оферта ұсыну күні арасындағы мерзім 6 (алты) айдан асып кеткен жағдайда Салалық компанияның Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты бөлімшесі Салалық компанияның мүдделі бөлімшелерімен бірлесіп, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Салалық компанияның Комиссиясына Активті бәсекелес ортаға беру шеңберінде бағалау жүргізу үшін өнім берушіні қайта тарту қажеттілігінің болуы/болмауы туралы шешім қабылдау үшін Активтің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін талдауды (соңғы есепті күнге) ұсынуды қамтамасыз етеді (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

4) Салалық компания/Компания Активтерін бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстарды Салалық компания комиссиясының қарауына шығарады;

5) Салалық компанияның Комиссия мүшесінің сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде Салалық компания/Компания Активін бәсекелес ортаға беру барысы туралы ақпарат ұсынады;

6) Жобалау офисін Салалық компанияның/Компанияның Активтерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы туралы хабардар етеді және осы Қағидалардың № 2 қосымшасына сәйкес дайындалған Салалық компанияның бірінші басшысының қолы қойылған растауды, сондай-ақ осы Қағидаларда жол берілетін Активті бәсекелес ортаға берудің өзге тәсілін қолдана отырып, Сауда-саттықтың барлық материалдарын/ құжаттарын немесе

материалдарды/құжаттарды жібереді;

7) Сатып алушының талабы бойынша Салалық компанияның/Компанияның өткізілетін Активтері туралы қажетті ақпаратты дайындап, ұсынады;

8) заңнамада белгіленген жағдайларда, Салалық компания/Компания атынан, рұқсаттар мен келісулерді, сондай-ақ Сауда-саттық, қайта құрылымдау нәтижесінде алынатын мәліметтерді қоспағанда, Активті өткізу, қайта құрылымдау үшін қажетті, оның ішінде өткізілетін Активтің стратегиялық мәртебесіне байланысты мемлекеттік органдардың рұқсаттарын және келісімдерін алады;

9) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау үшін қажетті немесе осы Қағидалардың ережелерінен туындайтын басқа да іс-шараларды өткізеді.

15. Активтерді өткізуге алдын ала дайындауды жүргізу шеңберінде дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Салалық компанияға жанама түрде тиесілі Компания Салалық компаниямен Компанияның атынан және оның мүддесінде (осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау үшін барлық қажетті іс-қимылдарды жүргізуді қарастыратын шарт жасасады.

16. Салалық компанияның комиссиясы Активтерді бәсекелес ортаға беруді жүзеге асыратын әрбір Салалық компанияның жанынан құрылады және процесті үйлестіретін және бақылайтын, сондай-ақ Салалық компанияның уәкілетті органдарының Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтер бойынша оларды өткізуге, қайта құрылымдауға, сондай-ақ Тәуелсіз консультантты тартуға қатысты шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар әзірлейтін алқалы орган болып табылады.

Салалық компанияның комиссиясын құру, оның дербес құрамы, төрағасын тағайындау және қызметін тоқтату туралы шешімді Салалық

компанияның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қабылдайды.

Салалық компания комиссиясының құрамына кемінде 7 адам кіреді: төраға, төрағаның орынбасары, Қор Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты Қор бөлімшесінің өкілдері, Бірыңғай оператордың өкілі, сондай-ақ Салалық компания комиссиясының басқа да мүшелері. Салалық компания комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (келісім бойынша) немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ саяси партиялардың (келісім бойынша) және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша), комплаенс қызметі немесе комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыратын Салалық компанияның өзге де бөлімшесінің өкілдері кіруі мүмкін. Жұмысты қамтамасыз ету үшін Салалық компания комиссиясының шешімімен хатшы тағайындалады. Хатшы Салалық компания комиссиясының мүшесі болып табылмайды және дауыс беру құқығына ие емес (2021 жылғы 30 қыркүйектегі және 2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

Активтерді бәсекелес ортаға беру нәтижелеріне жеке мүдделі жеке тұлғалар (оның ішінде Сауда-саттыққа қатысуға өтініш берген не көрсетілген өтініштерді берген ұйымдардың штатында тұрған жеке тұлғалар) не осы ұйымдардың тікелей немесе жанама қатысушылары (акционерлері), олардың басқару органдарының мүшелері, Сауда-саттыққа қатысатын немесе әлеуетті Сатып алушы ретінде қаралатын тұлғалардың кредиторлары болып табылатын жеке тұлғалар Салалық компания комиссиясының мүшелері бола алмайды, бұл Салалық компанияның комплаенс қызметінің немесе комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыратын өзге бөлімшенің қорытындысымен расталады. Салалық компания комиссиясының құрамында көрсетілген

тұлғалар анықталған жағдайда, Салалық компанияның бірінші басшысы оларды дереу өзге жеке тұлғалармен ауыстыруға міндетті (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар).

Салалық компанияның комплаенс қызметі немесе комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыратын өзге бөлімше «Самұрық-Қазына» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидаларға сәйкес Активтердің әлеуетті сатып алушыларын үлестестігі тұрғысынан тексеруді қамтамасыз етеді (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

17. Салалық компанияның комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Салалық компанияның/Компанияның Активтерін Сатып алушыға (болған жағдайда) қойылатын талаптар, Бастапқы/Ең төменгі баға, Өткізу шарттары бойынша ұсынымдар қалыптастыру;

2) Салалық компанияның/Компанияның әрбір жеке Активін бәсекелес ортаға беру жөніндегі жол картасын бекіту;

3) Салалық компанияның/Компанияның Активтерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі жол картасы іс-шараларының орындалуын бақылау, сондай-ақ осындай іс-шаралардың орындалуы туралы Бірыңғай операторды және Активтерді іске асыруға және қайта құрылымдауға жауапты Қор бөлімшесін осындай іс-шаралардың орындалуы туралы хабардар ету (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар);

4) Қордың активтерін өткізуге және қайта құрылымдауға жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесімен келісім бойынша Салалық компанияның/Компанияның барлық Активтерін бәсекелес ортаға берудің жалпы жоспар-кестесін бекіту;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға

сәйкес, сондай-ақ мүдделер қақтығысының болмауын көздейтін нормаларды ескере отырып, Қор Басқармасы бекіткен тәртіпке сәйкес Салалық компания/Компания Активінің нарықтық құнын бағалау және (немесе) Сатып алу тәртібіне сәйкес уәкілетті органның одан әрі шешім қабылдауы үшін Актив бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін Тәуелсіз консультанттарды тарту жөнінде шешім қабылдайды;

6) Салалық компанияның/Компанияның Активін иеліктен шығару, қайта құрылымдау бойынша ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының қарауына шығару;

7) осы Қағидаларда қарастырылған жағдайларда, Сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беруді келісу;

8) осы Қағидаларда қарастырылған жағдайларда, Сауда-саттық (Аукционды қоспағанда) жеңімпазын айқындау және жариялау;

9) егер сауда-саттыққа қатысуға өтініштер мен конкурстық өтінімдерді қабылдау және қарау кезінде не Сауда-саттықты тікелей өткізу кезінде өткізілген Сауда-саттық қорытындыларына әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін осы Қағидалардың ережелерін бұзуға жол берілсе, өткізілген Сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдау;

10) Конкурстық өтінімдер ашылғанға дейін Сауда-саттықтың күшін жою және қайта жариялау туралы шешім қабылдау;

11) Салалық компанияның/Компанияның Активтерін бәсекелес ортаға беруге байланысты, оның ішінде осы Қағидаларда қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

18. Салалық компанияның Комиссиясы қабылдайтын шешімдер хаттамамен ресімделеді. Салалық компания/Компания Активтерін бәсекелес ортаға беруге байланысты мәселелер бойынша Салалық

компания Комиссиясының шешімдері тиісті Салалық компанияға, сондай-ақ Активтерін бәсекелес ортаға беруге қатысты Салалық компания өткізуді жүзеге асыратын Компанияға ғана қолданылады. Салалық компания Комиссиясының шешімдері Қор Басқармасы мен Қордың Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келмеуі тиіс.

19. Салалық компания Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі мен рәсімдерін, осы Қағидалардың ережелері шеңберінде Салалық компания Комиссиясының жұмыс регламентін дербес айқындайды.

20. Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтер бойынша Тәуелсіз консультанттарды тарту жөніндегі шешімдер Сатып алу тәртібіне сәйкес қабылданады (2022 жылғы 26 тамыздағы № 202 өзгеріс).

Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерді Сатып алушыға (болған жағдайда) қойылатын талаптар, Бастапқы/Ең төменгі баға, мерзімдер (оның ішінде барлық Активтер бойынша жалпы жоспар-кесте бойынша), Өткізу шарттары бойынша ұсынымдарды Салалық компанияның уәкілетті органының одан әрі шешім қабылдауы үшін Салалық компанияның Комиссиясы ұсынады.

4-1-тарау. Бірыңғай оператордың өкілеттіктері мен функциялары

(2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар)

20-1. Бірыңғай оператор Қор Басқармасының шешімімен айқындалады. Бірыңғай оператор:

1) Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

2) осы Қағидалардың 1-бөлімінің 3 және 4-тарауларында көзделген Активтерді бәсекелес ортаға беру тәртібі мен рәсімдерінің сақталуын тексеруді жүзеге асырады;

3) Салалық компаниялардан Активтерді бәсекелес ортаға беру жөніндегі материалдар мен ақпаратты сұратады;

4) сатып алушылардың Активтерді сатып алу-сату шарттарының кейінге қалдыру талаптарын орындауына мониторингті, сондай-ақ сенімгерлікпен басқарушының Активті кейіннен бәсекелес ортаға беруді көздейтін сенімгерлікпен басқару шартының талаптарын орындауына мониторингті жүзеге асырады;

5) Активті сатып алу-сату шартының жобасын және оған қол қойылғанға дейін кейіннен Активті бәсекелес ортаға беруді көздейтін сенімгерлікпен басқару шартының жобасын келіседі;

6) осы Қағидаларға сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде барлық анықталған бұзушылықтар және оларды жою жөніндегі шаралар бойынша Салалық компанияны (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) және Жобалау офисін (барлық Активтерге қатысты) хабардар етеді;

7) Салалық компаниялар мен Жобалау офисі комиссияларының құрамына енгізу үшін жұмыскерді айқындайды;

8) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ағымдағы өткізу мәртебесі туралы ақпаратты жаңарта отырып, өткізілген және өткізілетін Активтердің бірыңғай автоматтандырылған дерекқорын жүргізеді;

9) Активтерді бәсекелес ортаға беру шеңберінде тартылған тәуелсіз консультанттарға арналған шығындарды талдауды/мониторингілеуді жүзеге асырады;

10) осы Қағидаларда көзделген өзге де өкілеттіктерді немесе олардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Тәуелсіз консультанттың өкілеттіктері мен функциялары

21. Тәуелсіз консультант бәсекелес ортаға берілетін Активтің нарықтық құнын бағалауды жүргізу үшін және (немесе) Қорға және

(немесе) Салалық компанияға Активтерді сату алдында дайындау және оларды сату, ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну және (немесе) өзге де жұмысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша консультациялық қызметтер көрсету үшін тартылады.

22. Қорға тікелей меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі Активті иеліктен шығару ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы (қор биржасы, оның ішінде шетелдік) арқылы жүзеге асырылған жағдайларда, Активтері өткізілуге жататын заңды тұлға Жобалау офисімен Тәуелсіз консультанттарды тартуды келіседі **(2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар)**.

23. Меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тікелей тиесілі акциялардың (қатысу үлестерінің) жүз пайызы түріндегі Активтерге қатысты Тәуелсіз консультанттарды тарту Жобалау офисінің ұсынымы негізінде осындай Салалық компанияның немесе Қордың есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте қызметтердің тапсырыс берушісі Салалық компания немесе Қор болуы тиіс. Тәуелсіз консультанттар көрсеткен қызметтерді Қор Салалық компаниямен жасалған шарт бойынша пайдалана алады. Өзге Активтер бойынша Тәуелсіз консультанттарды тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында және Салалық компанияның/Компанияның/ Қордың ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

24. Тәуелсіз консультанттарды тарту шарттарда Қордың компаниялар тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерді тартуы кезінде Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарттардың ережелерін қоса алғанда, Мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты нормаларды міндетті түрде белгіленуі тиіс; Мүдделер қақтығысының, оның ішінде Салалық компанияға немесе Қорға қарсы үшінші тұлғалардың мүдделерін білдірудің не қатар Мүдделер қақтығысының болмауы туралы жалған

мәліметтерді қасақана немесе абайсызда бергені үшін Тәуелсіз консультанттың жауапкершілігі туралы.

25. Тәуелсіз консультант мақсаты шаруашылық қызметке байланысты формальдылықтарды оңайлату, қандай да бір мәселелерді неғұрлым жылдам шешуді қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне және жәрдем көрсеткені үшін төлемдер /төлемдер жасауға толық тыйым салуды көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізуге кепілдік беретін болады. Тәуелсіз консультант өз қызметінде қолданылатын заңнаманы және оның негізінде әзірленген саясатты және парақорлықпен және коммерциялық параға сатып алумен күресуге бағытталған рәсімдерді басшылыққа алатын болады.

2-бөлім. Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілдері

1-тарау. Жалпы ережелер

26. Активтерді бәсекелес ортаға беру кезінде мынадай тәсілдер пайдаланылуы мүмкін:

а) Екі кезеңді ашық конкурс;

б) Тікелей атаулы сату;

в) Электрондық конкурс;

г) Аукцион;

д) тиісті қор биржасының ережелеріне сәйкес қор биржасында (акцияларды иеліктен шығару/ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру) жүзеге асырылады;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше

көзделмесе, Актив, егер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша бірлескен иеленушілер (қатысушылар) оны сатып алуға үміткер болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде іске асырылады.

28. Әлеуметтік-экономикалық мәні жоқ, иелік етуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жағдайына әсер етпейтін Актив Салалық компанияның, Компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты), Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша бәсекелес ортаға беру тәсілдерін қолданбай, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес осындай берудің орынсыздығына байланысты қайта ұйымдастыру немесе тарату нысанында қайта құрылымдалуы мүмкін.

29. Егер Активті өткізуді жүзеге асыру үшін қандай да бір рұқсаттар мен келісімдер қажет болса, оларды алу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Сауда-саттық өткізу нәтижесінде алынуға тиіс ақпарат қажет болса, Сауда-саттық туралы хабарламада Сауда-саттық Активтің және Активті әлеуетті сатып алушының болжамды бағасын және сатудың өзге де шарттарын айқындау мақсатында жүргізілетіні және егер мұндай рұқсаттар мен келісулер (оның ішінде басым және (немесе) басым құқықтан бас тарту) берілген жағдайда, Шарт жасалатыны көрсетіледі.

30. Салалық компания Активті Сауда-саттық тәсілімен бәсекелес ортаға беру кезінде Сауда-саттыққа Қатысушылардың ұсыныстарын Өткізу шарттары мен бағалау өлшемшарттарын дербес айқындай алады, бұл ретте өткізілетін Актив қызметінің бейінін сақтау Сауда-саттыққа Қатысушылардың ұсыныстарын бағалаудың міндетті өлшемшарттары болып табылады. Сауда-саттық өткізілмеді деп танылған жағдайда, Сауда-саттыққа Қатысушылардың ұсыныстарын

бағалаудың бұрын белгіленген шарттары мен өлшемдері Салалық компанияның шешімі бойынша қайта қаралуы мүмкін.

31. Активті Екі кезеңді ашық конкурс тәсілімен өткізу және Тікелей атаулы өткізу шарттары:

1) Активтері бәсекелес ортаға берілетін заңды тұлғаның қызметіне байланысты саладағы қызмет тәжірибесінің болуы;

2) Активті сату жүзеге асырылатын заңды тұлғаны басқаруға қатысу үшін қолданылатын заңнамаға сәйкес жеткілікті мөлшерде акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу, сондай-ақ технологиялар трансферті арқылы оны дамыту, оның ішінде ашылмаған ақпаратты (өндіріс құпияларын (ноу-хау) алу және біліктілігі жоғары мамандарды тарту;

3) инвестициялардың көлемі, түрлері және мерзімдері бойынша міндеттемелер қабылдау;

4) өндіріс көлемінің, шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызметтер номенклатурасының белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету;

5) табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу;

6) қызмет бейінін сақтау;

7) жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе құру;

8) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің штат санының кемінде үштен екісінің сақталуын қамтамасыз ету;

9) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдаланудың қазіргі тәртібі мен шарттарын сақтау;

10) кредиторлық берешекті белгіленген мерзімдерде өтеу;

11) жалақы бойынша берешекті өтеу;

12) мәмілелер жасауды шектеу (қайта сату, кепілге беру, басқаруға беру және басқалар) және (немесе) белгілі бір уақыт кезеңі

ішінде Активке қатысты белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салу.

32. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Қағидалардың 31-тармағында санамаланған Өткізу шарттарының кемінде үштен бірін белгілейді (қажет болған кезде осындай шарттарды орындау мерзімдерін белгілей отырып), олар Тікелей атаулы сату нысанында Активті Өткізу талаптарына міндетті түрде енгізілуге тиіс.

33. Екі кезеңді ашық конкурс және Тікелей атаулы сату тәсілдерімен Активтерді өткізудің міндетті шарттары осы Қағидалардың 31-тармағының 6) және 12) тармақшалары және Активті Сатып алушының Шарт талаптарын бұзуға мөлшерлес санкцияларын/ жауапкершілігін көздейтін талаптар болуға тиіс.

34. Активтің ең төменгі бағасы Жобалау офисінің ұсынымы ескеріле отырып, Қор Басқармасының шешімімен (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Салалық компания комиссиясының ұсынымы ескеріле отырып, Салалық компанияның уәкілетті органының шешімімен (Салалық компанияға немесе Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Активтің немесе Активтердің орналасқан жері бойынша бағаны айқындауды реттейтін заңнамаға сәйкес дайындалған тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебі ескеріле отырып, белгіленеді, бастапқы бағасы халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес Тәуелсіз консультанттарды тарту арқылы айқындалады.

Мынадай Активтерге қатысты Аукцион тәсілімен бәсекелес ортаға беруге жол берілмейді, сондай-ақ оларды бәсекелес ортаға өзге тәсілдермен беру кезінде олардың нарықтық құнынан (тәуелсіз бағалаушының бағалауы туралы есепке сәйкес) 15%-ға төмен ең төменгі бағаны белгілеуге жол берілмейді:

1) иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар;

2) баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен асатын;

3) соңғы үш жылда оң рентабельділігі бар (жылына кемінде 5%).

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

Рентабельділік = Өткен жылғы таза пайда / Активтердің орташа баланстық құны.

Активтердің орташа баланстық құны = (өткен жылдың басындағы активтердің баланстық құны + өткен жылдың соңындағы активтердің баланстық құны) / 2.

Жоғарыда көрсетілген ең төменгі бағаны белгілеуге қойылатын талаптар қор биржасында сатылатын Активтерге қатысты қолданылмайды (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

Қор биржасында сатылатын Активтерді қоспағанда, Активтің бастапқы бағасы Жобалау офисінің ұсынымы ескеріле отырып, Қор Басқармасының шешімімен (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Салалық компанияның уәкілетті органының шешімімен (Салалық компанияға немесе Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) Салалық компания комиссиясының ұсынымы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Активтің орналасқан жері бойынша бағаны айқындауды реттейтін заңнамаға сәйкес дайындалған бағалау ескеріле отырып белгіленеді (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

35. Сауда-саттық туралы хабарламаны Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Салалық компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (тікелей Қорға тиесілі Активтерге қатысты) ресми сайтта және ресми онлайн-платформаларда (бар болса) аптасына кемінде 3 рет жариялайды. Қор биржасында (ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында, оның ішінде шетел нарығында) Актив сатылған жағдайда, Сауда-саттық туралы ақпарат тиісті қор биржасының қағидаларына сәйкес орналастырылады (2023 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар).

36. Дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар (қор биржасындағы Сауда-саттықты қоспағанда), сондай-ақ Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар Сауда-саттыққа жіберілмейді. Жанама тиесілілік өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығындағы акцияларының (қатысу үлестерінің) әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілілігін білдіреді (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар).

37. Сауда-саттыққа қатысу ниеті бар тұлғалар Активті сату жүзеге асырылатын заңды тұлғаның мүлкін қарап шығуға және Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) белгілеген кезеңде, бірақ Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілетін Активке (қор биржасында (ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында, оның ішінде шетелдік) өткізілетін Активтерді қоспағанда) арналған құжаттармен танысуға құқылы. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге

қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) қарап-тексеру рәсімі бойынша қосымша шарттар белгілеуге (оның ішінде құпиялылық туралы келісімге қол қою туралы талап белгілеуге) құқылы.

38. Активті бәсекелес ортаға беру үшін қажетті іс-шараларды жүргізу барысында Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Сатып алу тәртібіне сәйкес консультанттарды және (немесе) сарапшыларды қосымша тартуға құқылы.

39. Активті осы Қағидаларда көрсетілген кез келген тәсілмен сату кезінде Салалық компанияның (Салалық компанияның/Компанияның Активтеріне қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) уәкілетті органының шешімі бойынша мұндай Өткізу шарттары Сатып алушыға алдын ала жеткізілген жағдайда, Активті Өткізудің қосымша шарттары ұсынылуы мүмкін.

40. Салалық компанияның (Салалық компанияның/Компанияның Активтеріне қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) уәкілетті органының шешімі бойынша осы Қағидаларда көрсетілген кез келген тәсілмен иеліктен шығарылатын Активтің құны бөлшектеп (транштармен) немесе бөліп төленуі мүмкін. Активтің құны бөлшектеп (транштармен) немесе бөліп төленген жағдайда, Шарт бойынша Сатып алушының төленбеген ақшалай міндеттемелерінің сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін қайта қаржыландыру ставкасына сәйкес индекстелуге жатады, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың талаптарында көзделуге тиіс.

Бұл ретте Активтің құнын төлеудің жалпы мерзімі күнтізбелік 24 (жиырма төрт) айдан аспауға тиіс, ал төлемнің (транштың) бірінші бөлігінің мөлшері Актив құнының 30%-нан (отыз пайызынан) кем

болмауы тиіс. Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) немесе бөліп төлеу тәртібі мен мерзімдері Шартта ескеріледі.

Осы орайда Активке меншік құқығын беру Салалық компанияның (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) таңдауы бойынша мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) төлеген кезде Активке меншік құқығын беру Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Активті қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы Шарт бойынша соманы толық төлегеннен кейін жүргізіледі. Осы орайда Актив Сатып алушыға Шарт бойынша сома толық төленгенге дейін сенімгерлікпен басқаруға берілуі мүмкін. Активті сенімгерлікпен басқаруға беру кезінде Сатып алушының Шарт бойынша Активке меншік құқығы толық өткенге дейін Активке байланысты шығыстарды (операциялық, инвестициялық, қаржылық) төлеу жөніндегі міндеттемелерін көздеу қажет; немесе

2) Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) төлеген кезде Активке меншік құқығын беру Актив құнының бірінші бөлігі (бірінші транш) ретінде төленген бөлігіне бара-бар жүргізіледі.

Активтің төленбеген бөлігіне меншік құқығын беру Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Активті қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін Шарт бойынша соманы толық төлегеннен кейін жүргізіледі.

Осы орайда Активтің төленбеген және Сатып алушының меншігіне өтпеген бөлігі Шарт бойынша сома толық төленгенге дейін Сатып алушыға сенімгерлікпен басқаруға беріледі.

Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) төлеген кезде Шартқа және сенімгерлікпен басқару шартына мынадай ережелер енгізіледі:

а) осы Қағидалардың 32 және 33-тармақтарында көрсетілген

шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін (оның ішінде Қадағалау кеңесінің (болған жағдайда) немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жоғары органының/акционерлік қоғамның басқару органының құзыретіне тиісті мәселелер бойынша шешім қабылдауды енгізу арқылы);

б) Сатып алушының Шарт бойынша Активке меншік құқығы толық ауысқан кезге дейін Активке байланысты шығыстарды (операциялық, инвестициялық, қаржылық) төлеу туралы міндеттемесі;

в) осы Қағидаларда көзделген өзге де шарттар; немесе

3) Активтің құнын бөліп төлеу кезінде Активке меншік құқығын беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай кепілді тіркей отырып, Активке және Сатып алушы Активті сатып алған заңды тұлғаның барлық материалдық негізгі құралдарына кепіл шартын (шарттарын) бір мезгілде жасай отырып, бастапқы жарнаны төлегеннен кейін жүргізіледі.

2-бөлім. Екі кезеңді ашық конкурс

41. Қордың Активтерін (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Салалық компанияларды (Салалық компанияларға/компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) иеліктен шығару бойынша екі кезеңді ашық конкурс Қордың немесе Салалық компанияның уәкілетті органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады, тиісінше онда бәсекелес ортаға берудің осындай тәсілі айқындалады және мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең – өткізілетін конкурстың мәніне қарай алдын ала ұсынысты қамтитын Конкурстық өтінімдерді беру және қарау. Бірінші кезеңнің нәтижесінде Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға тұлғаларды жіберу немесе жіберуден бас тарту туралы шешім

қабылдайды және Конкурстық ұсыныстарды бағалаудың мазмұны мен өлшемшарттарын бекітеді;

2) екінші кезең – Конкурстық ұсыныстарды беру және қарау, олардың негізінде Екі кезеңді ашық конкурстың жеңімпазы айқындалады.

Екі кезеңді ашық конкурс тәсілімен Сауда-саттыққа санына шектеу қойылмаған тұлғалар тобы қатыса алады.

42. Екі кезеңді ашық конкурс тәсілімен Сауда-саттық өткізудің жалпы мерзімі 120 жұмыс күнінен аспауы тиіс. Салалық компания (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) әлеуетті сатып алушылардың Активке тиісті тексеру жүргізу мерзімдерін және Екі кезеңді ашық конкурс өткізу кезіндегі өзге рәсімдердің мерзімдерін дербес айқындайды.

43. Бірінші кезеңге қатысты Сауда-саттық туралы хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

1) Активтің бастапқы бағасы;

2) алдын ала ұсыныстарды бағалау өлшемшарттары;

3) алдын ала ұсыныстың мазмұны;

4) Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілген конкурс шеңберінде жіберілетін ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес ең төменгі талаптар;

5) Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарттары айқындалатыны және екінші кезең барысында Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысушыларға жіберілетіні жайлы нұсқау;

6) Қамтамасыз етуді беру және қайтару мөлшері, шарттары;

7) Екі кезеңді ашық конкурс қорытындыларын шығару күні;

8) Активке меншік құқығының өту шарттары;

9) әлеуетті сатып алушы қатысушыны Екі кезеңді ашық конкурста жеңімпаз деп анықтаған жағдайда, орындауға міндеттенетін міндетті және қосымша шарттар.

44. Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға үміткер тұлға Сауда-саттыққа қатысу үшін Конкурстық өтінімді ұсынады, онда осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш қамтылуға тиіс.

45. Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қабылдау және тіркеу Сауда-саттық туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі.

46. Егер Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға өтініштер беру мерзімі аяқталған кезде екеуден аз Конкурстық өтінім берілсе, онда осы Актив бойынша Екі кезеңді ашық конкурс өткізілмеді деп танылады.

47. Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді беру үшін мерзім аяқталған күні Конкурстық өтінімдер салынған пакеттерді ашу және оларды Сауда-саттық туралы хабарламаның және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру (алдын ала ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін тексеруді жүргізбей) жүргізіледі. Ұсынылған материалдар қаралғаннан кейін өтініш берушіге анықталған сәйкессіздіктер туралы телефон байланысы, электрондық пошта немесе өзге де байланыс құралдары арқылы хабарлама жіберіледі.

48. Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға үміткер тұлға анықталған сәйкессіздіктерді белгіленген мерзімде жояды. Бұл ретте, алдын ала ұсыныстың мазмұнын және (немесе) шарттарын өзгертетін мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға болмайды. Анықталған сәйкессіздіктерді жоюға арналған мерзім өткеннен кейін Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе

Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді (кемшіліктері жойылған) және оларға қоса берілген алдын ала ұсыныстарды қарайды.

49. Конкурстық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша көрсетілген Конкурстық өтінімдерді берген тұлғаларға Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту және оларға Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысушылар мәртебесін беру туралы шешім қабылданады. Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне жіберуден бас тартылған жағдайда, осындай тұлға енгізген Қамтамасыз ету Салалық компания/Қор Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне жіберуден бас тарту туралы ресми хатты жіберген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

50. Егер мұндай тұлғаның алдын ала ұсынысы Сауда-саттық туралы хабарламаның талаптарына, оның ішінде Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілген конкурс шеңберінде жіберілетін ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес ең төменгі талаптарға сәйкес келмесе, өтінім берушіге Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберуден бас тартылуы мүмкін.

51. Конкурстық ұсынысты Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушы желімделген конвертте ұсынады. Қор/Салалық компания Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды қабылдау күні мен уақытын міндетті түрде көрсете отырып, Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды арнайы тіркеу журналын жүргізуі тиіс. Конкурстық ұсыныс тігілуге, беттері немесе парақтары нөмірленуге, соңғы беті немесе парағы Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушының қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер бар болса) куәландырылуға тиіс.

Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушы Конкурстық ұсынысы бар желімделген конверттің беткі жағында мыналарды көрсетуі тиіс:

- 1) Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушының толық атауы және

пошталық мекенжайы;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының толық атауы және пошталық мекенжайы;

3) Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушының Конкурстық ұсынысы ұсынылатын Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысу үшін Активтің атауы;

4) Сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес Конкурстық ұсыныстарды қабылдаудың аяқталған күні мен уақытын көрсете отырып «ДЕЙІН АШПАҢЫЗ» деген жазу.

52. Бөліп төлеу шарттарын ескере отырып, Конкурстық ұсыныста Активті сатып алу бағасын неғұрлым жоғары ұсынған Қатысушы Екі кезеңді ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Конкурстық ұсыныстардың шартты бағалары тең болған кезде, Конкурстық ұсынысты бірінші болып берген Қатысушы Екі кезеңді ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады.

53. Егер Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша көрсетілген конкурстың екінші кезеңіне қатысуға бір ғана адам жіберілсе, Екі кезеңді ашық конкурс өткізілмеді деп танылады. Мұндай жағдайда, тиісті Актив осындай тұлғаға оның алдын ала ұсынысқа, Сауда-саттық туралы хабарламаға және Актив бойынша құжаттама пакетіне сәйкес келетін Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімінде көзделгеннен кем емес шарттарда Тікелей атаулы сату жолымен сатылуы мүмкін. Бұл ретте, Активті өткізу бағасы осы тұлғаның Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімінде жазылған алдын ала ұсынысында көрсетілген бағадан кем болмауы тиіс.

54. Егер Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға берілген барлық Конкурстық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысуға бірде-бір тұлға жіберілмеген болса, мұндай Конкурс

өткізілмеді деп танылады.

55. Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушының өзі немесе өзінің уәкілетті өкілдері арқылы Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға құқығы бар.

56. Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңі туралы хабарлама Конкурстық ұсыныстарды беру үшін мерзімі, орны, уақыты мен тәсілі көрсетіле отырып, Екі кезеңді ашық конкурсқа Қатысушыларға алғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімімен жіберіледі, сондай-ақ электрондық пошта немесе факсимильді байланыс арқылы қайталаыады.

57. Екі кезеңді ашық конкурстың әрбір Қатысушысы бір ғана Конкурстық ұсыныс беруге құқылы.

58. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Сауда-саттыққа қатысуға арналған Конкурстық өтінімдерді қарау кезінде алынған немесе Қатысушының қаржылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және өзге де мүмкіндіктері сияқты Конкурстық ұсыныста көрсетілген Қатысушылар туралы мәліметтерді ескере отырып, Конкурстық ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша Екі кезеңді ашық конкурстың жеңімпазын айқындайды. Бұл ретте, Конкурстық ұсыныс Екі кезеңді ашық конкурстың екінші кезеңі туралы тиісті хабарламада бекітілген өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс.

59. Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес ең төменгі талаптарға сай келмейтін Конкурстық ұсыныстар қабылданбайды, бұл туралы Екі кезеңді ашық конкурстың нәтижелері туралы хаттамада тиісті белгі жасалады. Егер нәтижесінде Конкурстық ұсыныстардың екіден кемі қабылданса, Екі кезеңді ашық конкурс өткізілмеді деп танылады.

60. Салалық компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі Ашық конкурстың қорытындылары шығарылған күні Екі кезеңді ашық конкурстың нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді.

61. Жеңімпаз деп танылған және Шарт жасаған Сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасы тиісті Шарт бойынша Сатып алушының ақшалай міндеттемелерін орындау ретінде есептеледі.

Қор/Салалық компания/Компания Сауда-саттық шарттарында көзделген жағдайларда, Қамтамасыз ету ретінде енгізілген кепілдік жарнаны қайтармайды.

62. Екі кезеңді ашық конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдер болмаған немесе Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) жеңімпаздың жоқтығы туралы шешім қабылдаған жағдайда, осындай шешімде көрсетілген мерзім ішінде қайта Екі кезеңді ашық конкурс өткізіледі. Қайта Екі кезеңді ашық конкурс өткізу кезінде Салалық компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша Активті өткізу шарттары және Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарттары өзгертілуі мүмкін.

Бұрын өткізілген екі Ашық екі кезеңдік конкурстар өтпеді деп танылған жағдайда және мынадай:

1) екінші Ашық екі кезеңдік конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімдердің болмауы;

2) Салалық компанияның (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) екінші Ашық екі сатылы конкурста жеңімпаздың болмауы туралы шешім қабылдаудағы шарттардың бірі сақталған

жағдайда, осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілін өзгертуге жол беріледі.

Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне ықпал ететін әрбір актив бойынша бәсекелес ортаға беру тәсілін өзгерту туралы шешімді Қордың Директорлар кеңесі мынадай:

Қорға тікелей тиесілі активтер бойынша – Қор Басқармасының алдын ала келісуімен, тәуелсіз консультанттың ұсынымы негізінде және Жобалық офиспен келісім бойынша;

Салалық компанияға/Компанияға тиесілі активтер бойынша – Салалық компанияның атқарушы органымен және Қор Басқармасымен алдын ала келісе отырып, Тәуелсіз консультанттың ұсынымы негізінде және Салалық компания комиссиясымен және Жобалық офиспен келісім бойынша тәртіппен қабылдайды.

Иеленуі және (немесе) пайдалануы және (немесе) билік етуі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық маңызы жоқ әрбір актив бойынша бәсекелес ортаға беру тәсілін өзгерту туралы шешім:

Қордың Директорлар кеңесі Жобалық офистің ұсынымы негізінде Қор Басқармасының алдын ала келісуімен Қорға тікелей тиесілі активтер бойынша;

Салалық компанияның Директорлар кеңесі/Байқау кеңесі Салалық компания комиссиясының ұсынымы негізінде Салалық компанияның атқарушы органымен алдын ала келісе отырып, Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтер бойынша қабылданады.

Осы тармақта көрсетілген шешімдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың, Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес қабылдануға тиіс.

Мұндай Активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілінің өзгеруі

белгіленген тәртіппен Мемлекеттік комиссиямен келісіледі (2023 жылғы 19 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулар).

3-бөлім. Электрондық конкурс

63. Қорға және Салалық компанияларға тиесілі Активтерді иеліктен шығару жөніндегі электрондық конкурс Электрондық саудасаттықты өткізу регламентіне сәйкес Жүйе арқылы бәсекелес ортаға берудің осындай тәсілі айқындалатын Қордың уәкілетті органының немесе Салалық компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бастапқы Электрондық конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, Активтерді иеліктен шығару бойынша қайта Электрондық конкурс өткізіледі.

Екінші Электрондық конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, осы Қағидалардың 62-тармағында белгіленген тәртіппен активтерді бәсекелес ортаға беру тәсілін өзгертуге жол беріледі (2023 жылғы 19 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулар).

64. Электрондық конкурсқа қатысты Сауда-саттық туралы хабарламаны тарату үшін жарнамалық құралдар қосымша пайдаланылуы мүмкін.

4-бөлім. Тікелей атаулы сату

65. Активті тікелей атаулы сату арқылы өткізу тәсілі өзге тәсілдерді айқындау орынсыз болған жағдайда, осы Қағидаларда көзделген тәртіппен айқындалады.

Тәуелсіз консультанттың немесе Жобалау офисінің немесе Салалық компания комиссиясының ұсынымында Активті тікелей атаулы сату арқылы өткізу тәсілін айқындау негіздемесі және Активті екі кезеңді ашық конкурс, электрондық конкурс, аукцион арқылы өткізу

тәсілін айқындау орындылығының болмауын қамтылуы тиіс (2021 жылғы 08 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар).

66. Тікелей атаулы сату төмендегі барлық өлшемшарттарға:

1) Активі сатылатын заңды тұлғаның қызметіне байланысты саладағы қызмет тәжірибесінің болуы;

2) қолданылатын заңнамаға сәйкес Активі сатылатын заңды тұлғаны басқаруға қатысу үшін, жобаларды қаржыландыру үшін, сондай-ақ технологиялар трансферті арқылы оны дамытуға, оның ішінде ашылмаған ақпаратты (өндіріс құпияларын (ноу-хау) алу және біліктілігі жоғары мамандарды тарту үшін жеткілікті иеліктен шығарылатын Активтің барлығын немесе бір бөлігін құрайтын акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу;

3) осы Қағидалардың 33-тармағына және 34-тармағының бірінші абзацына сәйкес белгіленген өзге де өлшемшарттарға жауап беретін Сатып алушыға - стратегиялық инвесторға жүзеге асырылады (2021 жылғы 08 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар).

67. Активті тікелей атаулы сату Шарт жасасу арқылы Ең төменгі бағадан төмен емес баға бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей атаулы сату тәсілімен өткізілетін Активтерді сатып алушылар ретінде айқындалатын жеке және заңды тұлғалар мынадай біліктілік талаптарына:

1) Шарт жасасу үшін жеке тұлғаның әрекетке қабілеттілігінің немесе заңды тұлғаның азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болу;

2) тиісті Шарттың талаптарын орындау мүмкіндігіне ие болу;

3) осы Қағидаларда және (немесе) Салалық компанияның немесе Қордың уәкілетті органдарының Шешімімен айқындалған басқа да талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Консорциум әлеуетті Сатып алушы ретінде әрекет еткен

жағдайларда, егер осы консорциумға қатысушылар қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келсе, консорциум біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылуы мүмкін. Бұл ретте, осы консорциумға қатысушылар арасында жасалған консорциалдық келісімде консорциумға қатысушылардың консорциум қызметіне байланысты міндеттемелер бойынша ортақ жауаптылықта болатындығы туралы шарт қамтылуы тиіс.

68. Активті тікелей атаулы сату тәсілімен Өткізу шарттары Қағидалардың 32-34-тармақтарына сәйкес белгіленуі тиіс.

5-бөлім. Активті қор биржасында өткізу

69. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жағдайына әсер ететін Активті қор биржасының бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізуге дайындауды Жобалау офисі Салалық компанияның Басқарушы комитетімен бірлесіп, осындай қор биржасының листингтік талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес Тәуелсіз консультантты тарта отырып, жүзеге асырады.

70. Тәуелсіз консультант қажет болған кезде, Активті өткізілетін Салалық компанияны/Компанияны тиісінше тексеруді жүзеге асырады және Активті дайындау үшін қажетті іс-шараларға қатысты ұсынымдар, оның ішінде:

1) Активті өткізілетін Салалық компанияның/Компанияның ұйымдық құрылымын оңтайландыру;

2) Активті өткізілетін Салалық компанияның/Компанияның есеп саясаты;

3) Активті өткізілетін Салалық компанияның/Компанияның

дивидендтік саясаты;

4) Активті өткізілетін Салалық компанияны/Компанияны корпоративтік басқару;

5) сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстату бойынша тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша ұсынымдар береді.

71. Қор Басқармасы (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Салалық компанияның Комиссиясы (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) Тәуелсіз консультанттың (болған жағдайда) және Басқарушы комитеттің (болған жағдайда) ұсынымдары негізінде қор биржасында Активті өткізу жөніндегі жол картасын бекітеді.

72. Қордың Директорлар кеңесі (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Салалық Компанияның Директорлар кеңесі (Салалық компанияға/ Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) Тәуелсіз консультанттың ұсынымын ескере отырып және Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды сатып алуға ұсынуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, инвесторлардың өтінімдерін жинау қорытындылары бойынша Салалық компанияның/Компанияның акцияларын орналастыру бағасы, саны, құрылымы туралы шешім қабылдайды.

6-бөлім. Аукцион

73. Активтерді өткізу жөніндегі Аукцион осы Қағидаларда көзделген Аукцион тәсілімен Активті бәсекелес ортаға беру туралы шешім қабылданған Активтерге қатысты Электрондық сауда-саттықты өткізу регламентіне сәйкес Жүйе арқылы жүзеге асырылады.

74. Аукцион қандай құн ең жоғары болатынына байланысты теңгерімдік не бағалау құны мөлшерінде сатушы айқындайтын бастапқы баға мөлшерінде бастапқы бағаны белгілей отырып, бағаны көтеру әдісімен өткізіледі.

Бағаны төмендетуге арналған әдіс қолданылатын аукционда сатуға болмайды.

Бір ғана қатысушы қатысқан аукциондар, егер қатысушы осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес айқындалған бастапқы бағадан кем емес құнды ұсынса, өткізілді деп танылады.

Активтерді Аукцион тәсілімен бәсекелес ортаға беру бойынша өткізілетін әрбір кейінгі Сауда-саттық (екінші және үшінші) 20 (жиырма) жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады (2025 жылғы 2 қазандағы өзгерістер мен толықтырулар).

75. Сұраныс мүлдем болмаған жағдайда, үш Аукционның нәтижелері бойынша өткізілмеген Активтер осы Қағидаларға сәйкес қабылданған Активтің меншік иесі шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуға немесе қайта ұйымдастырылуға жатады.

Егер шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Активке сұраныс болмаса және ол Жүйеде үш Аукцион қорытындылары бойынша өткізілмесе, онда мұндай Актив тиісті шет мемлекеттің аумағында Салалық компанияның, Компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты), Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша қолданылатын шетелдік заңнама негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес осындай өткізудің орынсыздығына байланысты өткізілуі мүмкін.

3-тарау. Қорытынды рәсімдер

1-бөлім. Шарт жасасу рәсімі

76. Шарт жасасқанға дейін Салалық компания (Салалық компанияларға/ Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) осы

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дайындалған куәландыруды және осы Қағидаларда көзделген Активтерді өткізу тәртібі мен рәсімдерінің сақталуын растайтын құжаттардың көшірмелерін Бірыңғай операторға жолдайды.

Шартты Активтің меншік иесі Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың немесе Салалық компанияның немесе Қордың Тікелей атаулы өткізу нысанында Активті Өткізу шарттары туралы шешімінің негізінде жазбаша түрде (Бірыңғай оператормен келіскеннен кейін) және мерзімінде жасайды (2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар).

77. Шарт жасасқанға дейін Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) Компания атынан осы Қағидалардың 8-тармағының 5) тармақшасына және 14-тармағының 8) тармақшасына сәйкес алынбаған Активті иеліктен шығару үшін қажетті рұқсаттар мен келісулерді алады. Салалық компанияның немесе Қордың шешімі бойынша Шартқа қол қою мерзімі қажетті, оның ішінде шарттың, заңнаманың немесе үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің артықшылықты немесе басым құқығының өзге де міндетті актісінің негізінде бар рұқсаттарды және келісулерді алу үшін қажетті кезеңге ұзартылады.

78. Шарттың талаптары мыналарды көздеуге тиіс:

1) Екі кезеңді ашық конкурс бойынша немесе Тікелей атаулы сату бойынша Сатып алушы орындауға міндеттелген Өткізу шарттары;

2) қолданылатын заңнамада және оның құрылтай құжаттарында көзделген, осындай тұлғаның өткізілетін Активті сатып алуы үшін қажетті Сатып алушының барлық қажетті корпоративтік шешімдерді, оның ішінде ірі мәмілені немесе жасалуына мүдделілік бар мәмілені (қолданылатын болса) мақұлдау туралы және (немесе) жасау туралы

шешімді алу қажеттілігі;

3) Сатып алушының тарату процесінде немесе банкроттыққа байланысты қандай да бір процесте болмағаны туралы кепілдіктер мен куәліктерді, сондай-ақ растайтын құжаттарды (болған кезде) Сатып алушының ұсынуы;

4) қолданылатын заңнамада көзделген жағдайларда, тараптардың Шартты тіркеу жөніндегі міндеттемелері;

5) Сатып алушының жауапкершілігі және Сатып алушыға қолданылатын Шарттың нысанасына барабар және соған мөлшерлес санкциялар;

6) Өткізу шарттарының орындалуын бақылау және Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтату шарттары;

7) шарттың орындалуын қамтамасыз ету талаптарын енгізу мүмкіндігі (оның ішінде банк кепілдігі нысанында) **(2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар)**.

79. Шарт талаптарының тиісінше орындалуын бақылауды Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (тікелей Қорға тиесілі Активтерге қатысты) және Бірыңғай оператор, оның ішінде Сатып алушы Шарт талаптарының орындалуы туралы ұсынатын растайтын құжаттарды талдау жолымен жүзеге асырады. Шарт талаптарының орындалуын бақылау Сатып алушының міндеттемелерді орындауы толық аяқталған сәтке дейін жүргізіледі **(2024 жылғы 26 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар)**.

80. Бақылауды жүзеге асыру үшін Компания Салалық компанияға (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қорға (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Бірыңғай операторға Шартты орындауға байланысты, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан барлық құжаттардың көшірмелерін беруді

камтамасыз етеді. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) бақылауды жүзеге асыру үшін жұмысқа сарапшыларды тартуға, сондай-ақ осы мақсаттар үшін консультациялық, аудиторлық және өзге де көрсетілетін қызметтерді сатып алуға құқылы **(2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар)**.

81. Активтерді қор биржасында (ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында, оның ішінде шетел нарығында) өткізу жағдайларына осы тараудың ережелері қолданылмайды.

2-бөлім. Өзге де рәсімдер

82. Шарт бойынша есеп айырысулар Активтің меншік иесі (Салалық компания немесе Қор немесе Компания) мен Сатып алушы арасында жүргізіледі.

83. Компания жалғыз акционер (қатысушы) болып табылмайтын, өткізілмейтін Активтерге қатысты одан арғы іс-қимылдар туралы шешімді Активтің меншік иесі Салалық компания Комиссиясының (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) және Жобалау офисінің (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) ұсынымдарын ескере отырып қабылдайды.

84. Шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Актив тиісті шет мемлекеттің аумағында Салалық компанияның/Компанияның (Салалық компанияларға/ Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты), Қордың (Қорға тікелей тиесілі активтерге қатысты) шешімі бойынша қолданылатын шетелдік заңнаманың негізінде Қазақстан Республикасында осындай өткізудің орынсыздығына байланысты немесе қолданыстағы шетелдік заңнаманың талаптарына сәйкес өткізілуі мүмкін.

85. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін басталған (жарияланған) Активтерді өткізу рәсімдері Активтерді өткізу рәсімдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күні қолданыста болған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Осы тармақтың ережесі тікелей атаулы сату тәсілімен Активтерді өткізу жағдайларына қолданылмайды (2021 жылғы 08 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар).

3-бөлім. Қағидалардың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

86. Салалық компания, Компания басшыларының, Салалық компанияның, Компанияның, Жобалау офисінің, Салалық компания Комиссиясының, Басқарушы комитеттің уәкілетті органдары мүшелерінің және Активтерді бәсекелес ортаға беруге жауапты өзге де тұлғалардың осы Қағидаларды бұзуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамының және дауыс беретін
акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан
астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға
тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың
активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларына
№ 1 қосымша**

ӨТІНІШ

Осымен _____ (бұдан әрі (бірлесіп) - «Өтініш беруші»)

өзінің (өздерінің) _____

(Сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес сатылатын активтің
толық атауы мен орналасқан жерін көрсету)

өткізу бойынша (бұдан әрі – «Сауда-саттық») _____

_____ қатысу ниеті

(сауда-саттық тәсілін көрсету)

туралы мәлімдейді.

1. _____ Сауда-саттық туралы жарияланған хабарламаны
қарап және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік
қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу
пайыздан астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей
немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру
қағидаларымен (бұдан әрі – «Қағидалар») таныса отырып,

_____ (жеке тұлғалардың аты-жөні немесе заңды тұлғалардың атауы және
сенімхат негізінде әрекет ететін басшылардың немесе олардың
уәкілетті өкілдерінің аты-жөні)

20 жылғы « » _____ мына _____

мекенжайда

(егер Сауда-саттық электрондық тәсілмен жүргізілмесе, Сауда-саттықты өткізу мекенжайын көрсету)

өтетін Сауда-саттыққа қатысуға тілек білдіреді.

2. Өтініш беруші Сауда-саттыққа қатысу үшін _____
(_____) (санмен) (сомасы жазумен) теңге сомасында кепілдік жарнаны _____ шотына (бұдан әрі – «Компания») енгізді.

(активтің меншік иесінің атауы көрсетіледі)

Шоттың деректемелері _____

төлем мақсатының коды _____ ,

мекеменің коды _____ ,

төлем құжатының № _____ ,

Төлем құжатының күні _____ .

3. Осы арқылы Өтініш беруші Қағидалардың тиісті тармағында көрсетілген тұлғалар Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркеле алмайтыны жайлы өзінің хабардар екенін растайды.

4. Өтініш беруші осы арқылы Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Өтініш беруші Сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатынына және Өтініш беруші (немесе оның атынан) қол қойған Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың және тиісті сатып алу-сату шартының жарамсыз деп танылатынына толық және сөзсіз келісімін білдіреді.

5. Сауда-саттықтың жеңімпазы анықталған жағдайда, Өтініш беруші осы арқылы, егер Қағидаларда немесе Сауда-саттық туралы

хабарламада өзгеше мерзім көрсетілмесе, олар өткізілетін күні Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қою және Сауда-саттық барысында және шарттың кең таралған жобасына және Өтінім берушінің конкурстық ұсынысына немесе конкурстық өтініміне (конкурсқа қатысқан жағдайда) сәйкес айқындалған талаптарда Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамада көзделген мерзім ішінде Өтініш беруші ұсынған немесе Сауда-саттықты өткізу шеңберінде Өтініш беруші келісім білдірген баға мен шарттар бойынша (тікелей немесе уәкілетті өкіл арқылы) өткізілетін активке қатысты сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін өзіне алады.

6. Өтініш беруші осы арқылы Өтініш беруші енгізген кепілдік жарнаның сомасы қайтарылмайтынына және төменде көрсетілген жағдайларда, Компанияда қалатынына толық және сөзсіз келісімін білдіреді:

1) Сауда-саттыққа қатысуға өтініш беру мерзімі аяқталған күннен кейін Сауда-саттыққа қатысудан бас тартқан жағдайда;

2) Қордың немесе Салалық компанияның, Компанияның Қағидаларда көзделген шешімі бойынша Қағидалар бұзылған жағдайда немесе Сауда-саттықты өткізу тәртібі мен шарттарының бұзылуына, құжат жүзінде бекітілген негіздер болған кезде, Сауда-саттықты өткізуге кедергілер жасауға немесе кедергі келтіруге байланысты;

3) белгіленген мерзімде конкурстық ұсыныс немесе конкурстық өтінім ұсынылмаған жағдайда;

4) егер Өтініш беруші берген конкурстық ұсыныстың немесе конкурстық өтініштің шарттары Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілген Активті өткізу жөніндегі конкурс шеңберінде Қағидалардың ережелеріне сәйкес жіберілетін ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес олардың ең төменгі талаптарына көрінеу сәйкес келмесе;

5) Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан немесе сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда;

6) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда.

7. Өтініш беруші Сауда-саттықтың екінші кезеңіне Өтініш берушіні жіберуден бас тартқан жағдайда, Активтің меншік иесі қамтамасыз ету сомасын Сауда-саттықтың екінші кезеңіне жіберуден бас тарту туралы ресми хатты алған сәттен бастап, Өтініш берушінің шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтаратынын растайды.

8. Осы Өтінім Қағидаларда және _____ жылы (Өтініш берушіге _____ жылы жіберілген) _____ жарияланған Сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада баяндалған шарттарда Сауда-саттыққа қатысуға Өтініш берушінің толық және сөзсіз келісімін білдіру нысаны болып табылады.

9. Өтініш беруші осы арқылы Өтініш берушіге қатысты тарату туралы қандай да бір шешімнің, банкрот деп тану және (немесе) банкроттық рәсімдерінің басталуы туралы сот шешімінің немесе өзге де осыған ұқсас рәсімдердің болмауын, заңнамада көзделген тәртіппен өтініш берушінің қызметін тоқтата тұру туралы шешімнің болмауын растайды.

10. Осы өтінім сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасасқанға дейін қолданылатын шарт күшіне ие.

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының аты-жөні _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Банк деректемелері: _____

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Жеке тұлға үшін:

Аты-жөні _____

ЖСН _____

Паспорт деректемелері _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Банк деректемелері: _____

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

(қолы) (жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлғаның басшысының немесе уәкілетті өкілінің аты-жөні)

20 __ ж. «__» _____

М.О.

20 __ ж. «__» _____ сағ. _____ мин. қабылданды.

(қолы)_____
(өтінімді қабылдаған тұлғаның аты-жөні)

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамының және дауыс беретін
акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан
астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға
тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың
активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларына
№ 2 қосымша**

САЛАЛЫҚ КОМПАНИЯНЫ КУӘЛАНДЫРУ НЫСАНЫ

Осымен _____ (Салалық компанияның атауы)
_____ (Активтің атауы) бәсекелес ортаға беру жөніндегі іс-
шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-
Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы «___» _____ №
_____ хаттама шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат
қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының
(қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығымен «Самұрық-
Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтерін
бәсекелес ортаға беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар),
«Самұрық-Қазына» АҚ-ның және _____ (Салалық
компанияның атауы) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес іске
асырылғанын растайды.

Растайтын құжаттар қоса беріледі:

p/c	Мәліметтер тізбесі	Растайтын құжаттар
1.	Салалық компанияға/Компанияға тиесілі, оның әлеуметтік-экономикалық мәнінің бар/жоқ екенін, стратегиялық объектілер тізімінде тұрғанын көрсетуді қоса алғанда, өткізілетін Активтің сипаттамасы	
2.	Активті бәсекелес ортаға беруге ұсыныс берілген және ұсынылған Активтер тізбесіне енгізу туралы Қор Басқармасының шешімдері туралы ақпарат	
3.	Тәуелсіз консультантты (консультанттарды) тарту туралы ақпарат (қолданылатын болса), Салалық компанияның және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ уәкілетті органдарының тиісті шешімдерін	
4.	Салалық компанияның және (немесе) Қордың, ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның уәкілетті органдарының шешімдерін, алынған ұсынымдарды көрсете отырып, Активті бәсекелес ортаға беру тәсілін айқындау туралы	

5.	Салалық компанияның және (немесе) Қордың уәкілетті органдарының шешімдері, сондай-ақ Активті өткізу мәселелері бойынша қабылданған тапсырмалар туралы мәліметтер	
6.	Қағидаларда белгіленген барлық қолданылатын рәсімдер мен талаптардың сақталуын көрсету	
7.	Активті өткізудің белгіленген шарттарының, Активті өткізу мақсатында жүргізілген іс-шаралардың сипаттамасы	
8.	Активті иеліктен шығаруға қатысты алынған рұқсаттар, келісімдер, келісулер туралы мәліметтер	
9.	Басқа ақпарат	

Қосымша (____ парақ).

(лауазымы)

(қолы)

(аты-жөні)

M.O.

Орындаушы: (аты-жөні), (лауазымы)

Тел.:

* Ескертпе: *Растамаға Активті өткізу жөніндегі барлық құжаттардың көшірмелері қоса берілуі тиіс.*

**** Ескертпе: Растамаға Салалық компанияның атқарушы органының**

бірінші басшысы қол қояды.

*** Ескертпе: *Растама [1-3] парақта жазылады (қаріпі – Times New Roman, қаріп өлшемі 14).*

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
акционерлік қоғамының және дауыс беретін
акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан
астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға
тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың
активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларына
№ 3 қосымша**

(2021 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар)

**Активтің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін талдау
(соңғы есептік күнге)**

Активтің атауы: _____

Активті бағалау туралы есептің датасы: _____

Бағалауды жүргізген ұйымның атауы: _____

Бағалау объектісімен мәміле жасаудың жоспарланған күні немесе жария офертаны ұсыну күні: _____

Қаржы-экономикалық көрсеткіштердің атауы	Бағалау туралы есеп күні	Соңғы қаржылық есептілік күні	Ауытқу (+/-)
Кірістер			
Шығыстар			
Таза пайда / шығын			
Активтер			
Міндеттемелер			
Меншік капитал			
EBITDA			

Активті бағалау туралы есеп күнінен кейінгі елеулі оқиғалардың сипаттамасы:

1) _____;

- 2) _____;
3) _____.

**Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға
жауапты Салалық компания
бөлімшесінің басшысы**

_____ аты-жөні
(ҚОЛЫ)

**Салалық компанияның мүдделі
бөлімшелерінің басшылары**

_____ аты-жөні
(ҚОЛЫ)

** осы қосымша Салалық компанияның басқа да қатысы бар бөлімшелерімен және/немесе тәуелсіз консультантпен бірлесіп дайындалуы мүмкін.*